

*Халық үні

МЕРДІГЕРГЕ – соңғы ескерту!



Қолтаңба жасау – Дарен Мұхамбеталиев

БАСТАПҚЫДА ЖЫП-ЖИНАҚЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ КӨРІНЕ ҚОЙМАҒАН «МИРАС» ШАҒЫНАУДАНЫ БҮГІНДЕ ПРОБЛЕМАСЫ ШАШ-ЕТЕКТЕН ҚИЫН АУДАНАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛҒАН. СОЛ СЕБЕП БОЛҒАН ШЫҒАР, ТҮРҒЫНДАР БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН БЕРІ ШЕШІМІН ТАППАЙ КЕЛЕ ЖАТҚАН МӘСЕЛЕЛЕРІН АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН ӨЗДЕРІ АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ШӘКІР КЕЙКІНДІ КЕЗДЕСУГЕ ШАҚЫРДЫ. ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ КЕЗДЕСУДЕ ШАҒЫНАУДАННЫҢ ТАСЖОЛЫ МЕН ЖАҢА ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫНАН БАСТАП, КӨРІЗ ЖҮЙЕСІ, ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ, ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК, АЯЛДАМА, АУЫЗ СУ ҚЫСЫМЫ, ИНТЕРНЕТ, БАЛАЛАР АЛАҢЫ, КӨҒАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ МЕКТЕП АУМАҒЫН АБАТТАНДЫРУ СЕКІЛДІ САНСЫЗ МӘСЕЛЕСІ КӨТЕРІЛДІ. ХАЛЫҚТЫҢ САУАЛЫ КӨП, АЛ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЖАУАБЫН ТҮРҒЫНДАР ЖЫЛДАР БОЙЫ КҮТІП КЕЛЕДІ.

(Толығырақ 14-бетте)

*Құрмет

Құрылысшылардың қолтаңбасы



КҮН САЙЫН КӨЗ АЛДЫМЫЗДА БОЙ КӨТЕРІП ЖАТҚАН ЖАҢА ҮЙЛЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДА ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ БАР. ОСЫ КӘСІП ИЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН ҰЛЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА МАХАМБЕТ АТЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ.

Шара театрландырылған қойылыммен ашылды. Көрермен назарына құрылыс саласының тыныс-тіршілігі мен өңірдің сәулеттік келбетін арқау еткен бейнеролик ұсынылды.

Құрылыс – кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын стратегиялық маңызы зор сала. Сіздердің еңбектеріңіз ерекше құрметке лайық. Бүгінгі мерекеде әрқайсыңызға облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жүрген үлестеріңіз үшін алғысымды білдіремін, – деді сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, құрылыс жұмыстарының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызына тоқталған облыс әкімі Болат Ақшөлақов.

Мерекелік шарада сала мамандарына ерекше құрмет көрсетілді. Құрылыс саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, кәсіби шеберлігімен танылғандарға түрлі деңгейдегі марапаттар тапсырылды. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің «Құрметті сәулетші» төсбелгісі Жанар Әжіғалиеваға, Құрылысшылар одағының «Еңбек сіңірген құрылысшы» төсбелгісі Марат Құмаровқа, сондай-ақ Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, облыс әкімінің Алғыс хаттары иелеріне салтанатты жағдайда табыс етілді.

Еңбек адамын ұлықтаған кеш концерттік бағдарламаға ұласты.

Болатгөз ИСАТАЙ
Суретті түсірген Әнуар ӘБІЛҒАЗИЕВ

*Сараптама



ЖЕТІ МЕКТЕПТІҢ ЖЫРЫ ҚАШАН БІТЕДІ?

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА САНАУЛЫ КҮН ҚАЛСА ДА, МЕКТЕПТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ БІРДЕЙ ШӘКІРТ ҚАБЫЛДАУҒА ӨЗІР БОЛМАЙ ТҮР. ӨҢІРДЕ 200-ДЕН АСТАМ МЕКТЕП БОЛҒАНМЕН, ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ӨЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ КҮЙІНДЕ. СОНЫҢ САЛДАРЫНАН ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ДА АПАТТЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН, ЖАҢАДАН ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРЫ ӨЗГЕ БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУҒА МӘЖБҮР. БІР ЖЕРДЕ ҮШ АУЫСЫМДЫҚ ОҚУ ЕНГІЗІЛСЕ, ЕНДІ БІРІНДЕ САБАҚ УАҚЫТЫ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН. МҮНДАЙ ЖАҒДАЙ БАЛАЛАРДЫҢ АЛАҢСЫЗ БІЛІМ АЛУЫНА ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ, БІЛІМ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚИЫНДЫҚ ТУҒЫЗЫП ОТЫР. СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІНІҢ ӨЗІ СҮРЕҢСІЗ МЕКТЕПТЕРГЕ ҚАШАН ЖАН БІТЕДІ?! ӨЗГЕ МЕКТЕПТІҢ ЖАПСАРЖАЙЫНДА ЖЫЛДАП БІЛІМ АЛЫП ЖҮРГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗЫҒЫ НЕ?! ҚЫС АЙЛАРЫНДА ҮЙІНЕ ҚАРАҢҒЫ ТҮСЕ ҚАЙТАТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

(Толығырақ 10-11-беттерде)

*Жоғары білім

«Грант алдым, мінекей!»

АТЫРАУДА 521 ТАЛАПКЕР
МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ.

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетіне 359 талапкер мемлекеттік грантпен оқуға мүмкіндік алды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 65 грантқа аз. Биыл талапкерлер арасында «Физика» мамандығы ең көп таңдалған бағыттардың бірі болды. Бұл мамандыққа 50 грант бөлінген. Сонымен қатар «Ақпараттық технологияларға» – 27, «Стандарттау, сертификаттау және метрологияға» – 25, «Математика пәні мұғалімдерін даярлауға» – 22, «Дене шынықтыру және спортқа» 20 грант берілді. Ал С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетіне 162 талапкер мемлекеттік грант иегері атанып отыр.

*Фестиваль

Табиғаттың тамаша тартуы

БИЫЛ ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫНДА ӨТЕТІН «LOTUSFEST-2026» ФЕСТИВАЛІНЕ 10 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚОНАҚ КЕЛЕДІ ДЕП ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. БЫЛТЫР ОНЫҢ САНЫ ЕКІ ЕСЕ АЗ БОЛҒАН ЕДІ.

Екі күнге жоспарланған фестиваль аясында эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттер ұйымдастырылып, спорттық жарыстар мен түрлі ойын-сауық бағдарламалары өтеді. Фестивальдің алғашқы күнінде облыстық туристік жарыс ұйымдастырылады. Қатысушылар фестиваль аумағында түнеп, келесі күнгі бағдарламаға қатысады. 15 тамызда «LOTUS FLOTILLA» қайықтар шеруі өтіп, «LotusRUN» марафоны ұйымдастырылады. Марафоншылар Жамбыл ауылынан фестиваль өтетін аумаққа дейін жүгіреді. Одан кейін фестивальдің ресми ашылу салтанаты өтеді. Ашылу бағдарламасында театрландырылған

композиция, этно-фольклорлық және хореографиялық ұжымдар мен қазақ эстрадасының әншісі Куандық Рахым өнер көрсетеді. Ал кешкі гала-концертте «MELOMEN» тобы, BYTANAT, ALXAM, TURAR және Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония өнерпаздарының қатысуымен гала-концерт өтеді.

– Фестивальдің екінші күнінде де мерекелік бағдарлама жалғасады. Онда Еркебұлан Құмар, Ғаділбек Жанай, НҮРЛАН мен МҰРАТ және «Заман» тобының өнерін тамашалауға болады, – деді Теңіз ауылының әкімі Мұрадым Мұзафар.

Фестиваль аумағында фотозоналар, балаларға арналған ойын алаңы, қолөнер шеберлерінің жәрмеңкесі, сауда павильондары мен фуд-корт жұмыс істейді. Қонақтар қайықпен серуендеп, табиғат аясында демала алады.

Бек АЙДАРӘЛИ

